

Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тараптардың пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизиялар (резервтер) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін, оны қалыптастыру қағидаларын және провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 212 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 11 қарашадағы № 954 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.11.2025 № 954 қаулысымен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 250-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тұлғалардың пайдасына не өзара байланысты тұлғалардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизиялар (резервтер) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесі;

2) Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тараптардың пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа)

қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизиялар (резервтер) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін қалыптастыру қағидалары;

3) Провизиялар (резервтер) құру қағидалары бекітілсін.

2. "Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тараптардың пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизиялар (резервтер) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін, оны қалыптастыру қағидаларын және провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 445 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 33, 294-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 20 сәуірдегі
№ 212 қаулысымен
бекітілген

Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тараптардың пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизиялар (резервтер) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесі

1. "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы.

2. "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тараптардың пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизиялар (резервтер) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін қалыптастыру қағидалары

Осы Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тараптардың пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизиялар (резервтер) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 250-бабының 7-тармағына (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес әзірленді және күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизиялар (резервтер) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін қалыптастыру тәртібін белгілейді.

1. Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, күмәнді және үмітсіз активтерге қарсы провизиялар (резервтер) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін (бұдан әрі – тізбе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Тізбені бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын ұлттық басқарушы холдингтің өтінішхаты бойынша салық саясаты саласындағы уәкілетті орган енгізеді.

3. Ұлттық басқарушы холдинг өтінішхатты салық саясаты саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда жібереді және заңды тұлғаның осы Тізбені

қалыптастыру қағидаларының 6-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды қоса береді:

1) заңды тұлғаның жарғысы;

2) заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) тізілімінен үзінді көшірме (егер шаруашылық серіктестік қатысушыларының тізілімін бірыңғай тіркеуші жүргізсе).

4. Салық саясаты саласындағы уәкілетті орган өтінішхат түскен күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде қарап, мынадай:

1) заңды тұлғаны тізбеге енгізу мүмкіндігі туралы;

2) заңды тұлғаны тізбеге енгізуден бас тарту туралы дәлелді шешімдердің бірін шығарады.

Салық саясаты саласындағы уәкілетті органның шешімі ұлттық басқарушы холдингке жазбаша нысанда жіберіледі.

5. Заңды тұлғаның осы Тізбені қалыптастыру қағидаларының 6-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі және/немесе осы Тізбені қалыптастыру қағидаларының 3-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбауы заңды тұлғаны тізбеге қосудан бас тарту үшін негіздеме болып табылады.

6. Тізбеге қосу үшін заңды тұлға мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) осындай заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі;

2) заңды тұлғаның негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылады;

3) заңды тұлға Салық кодексінің 250-бабының 1, 5 және 6-тармақтарында көрсетілген салық төлеуші болып табылмайды.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 20 сәуірдегі
№ 212 қаулысымен
бекітілген

Провизиялар (резервтер) құру қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Провизиялар (резервтер) құру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес әзірленді және активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеудің және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құрудың тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мынадай мәндерге ие:

1) қаржы активінің амортизацияланған құны – бастапқыда тану кезінде дара актив бағаланатын сома, минус қарыздың негізгі сомасының есебінен төлемдер,

плюс немесе минус провизияны (резервтерді) ескере отырып, түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген сыйақы немесе дисконттың жиналған амортизациясының көлемі;

2) активтер – барлық жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде банктерге қойылатын талаптар;

3) Банк – ұлттық даму институты болып табылатын банк;

4) активтің жалпы баланстық құны – дара активтің провизияның (резервтердің) көлеміне түзеткенге дейінгі амортизацияланған құны;

5) бастапқы тану күні:

дара активтің шарттарын айқындайтын шартқа қол қою күні;

шартқа қосымша келісімге қол қою күні, соның нәтижесінде Банк қолданыстағы жеке активтерді түрлендірмей жаңа дара активтерді ұсыну бойынша міндеттемелерді қабылдады;

шартқа қосымша келісімге қол қою күні, соның нәтижесінде жаңа дара активті тануға және ескісін есептен шығаруға алып келетін жеке активтің түрленуі/қайта құрылуы жүзеге асырылады;

6) дефолт:

есеп беретін күнге Банкте және/немесе басқа қаржы ұйымдарында 90 күнтізбелік күннен астам мерзімді құрайтын төлемдердің (негізгі қарыз және/немесе сыйақы) мерзімін өткізу; және/немесе оған жеңілдік шарттарын ұсынусыз толық көлемде Банктің алдында контрагенттің берешегін өтеудің мүмкіндігі жоқ екені туралы Банктің болжамы.

Дефолтты айқындау мақсаттары үшін Банк контрагенттің берешекті толық көлемде өтеу мүмкіндігінің болмауы ретінде мынадай жағдайларды қабылдайды:

контрагенттің қаржылық қиындықтарына байланысты дара актив бойынша сыйақыны есептеуді тоқтату;

қаржы құралын бастапқы тану күнінен бастап кредит тәуекелін елеулі арттырудан туындаған контрагент берешегінің барлық сомасын және/немесе бөлігін есептен шығару;

кредит шығындарын көрсететін Банктің меншікті капиталынан 5 % астам жеңілдікпен дара активтерді сату;

контрагентке қойылатын талаптардың төмендеуіне, қарыздың бөлігін және/немесе барлық сомасын есептен шығаруға/кешіруге, қарыз мерзімін арттыруға, контрагенттің қаржылық қиындықтарына байланысты негізгі қарызды, сыйақыны немесе комиссияны төлеуді кештеу кезеңге ауыстыруға алып келетін қайта құрылымдау;

Банк сотқа Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес контрагентті банкрот деп тану туралы талап қою берген жағдайда;

контрагенттің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзін банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуі;

7) қарыз (кредит) – Ұйымның, Банктің қарыз, лизингтік операцияларды жүзеге асыруы;

8) инвестициялық қарыз (кредит) – барлық мынадай талаптарға сәйкес келетін қарыз (кредит):

қарыздың (кредиттің) мерзімі бес және одан да көп жылды құрайды;

қарыз шартының (кредиттің) талаптары бойынша мерзімінен бұрын толық өтеуге тыйым салынған;

қарызды (кредитті) ішінара өтеген жағдайда, ішінара өтеу қарыз алушының бизнес-жоспарында көзделген мерзімде және тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін ;

қарыз (кредит) заңды тұлғаға материалдық өндірісті, өндірістік және көлік инфрақұрылымын құруға, кеңейтуге және жаңғыртуға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыруды көздейтін бизнес-жоспарына сәйкес беріледі;

9) дара актив – жеке тұлғаларға берілген қарыздардан басқа, қаржылық актив немесе шартты міндеттеме;

10) контрагент – қарыз алушы, эмитент, қоса қарыз алушы, кепілгер, қаржы институты және Банктің өзге де дебиторлары;

11) кредиттік тәуекелдің төменгі деңгейі – S&P шкаласы бойынша "BBB-" деңгейінен немесе Fitch немесе Moody's шкаласы бойынша соған ұқсас деңгейден төмен емес халықаралық рейтингісі бар қаржы құралдары;

12) кредиттік тәуекел – борышкердің (дебитордың) ұйым алдындағы актив және шартты міндеттемелер жөніндегі міндеттемелерді шарттың талаптарына сәйкес орындамауы не тиісінше орындамауы не осындай орындамаудың (тиісінше орындамаудың) нақты қауіпінің болуы салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі;

13) Ұйым – Банкті қоспағанда, ұлттық басқарушы холдинг, сондай-ақ негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлға;

14) біртекті қарыздар (кредиттер) қоржыны – біртекті қарыздарды (кредиттерді) жіктеу тәртібі мен шарттары туралы ұйымның ішкі қағидаларына сәйкес бір топқа енгізілетін біртекті қарыздар (кредиттер) тобы;

15) ақшалай қаражат ағыны – ақшаның және оның баламаларының түсуі және шығуы;

16) провизиялар (резервтер) – қаржылық активтің амортизациялық құны мен әділ құн бойынша өзге жиынтық табыс арқылы ескерілетін қаржылық актив бойынша күтілетін және бар кредиттік залалдарға бағалау резерві, сондай-ақ

шартты міндеттемелер бойынша күтілетін кредиттік залалдарға қатысты бағалау міндеттемесі;

17) негізделген және расталатын ақпарат – өткен оқиғалар, ағымдағы шарттар және болашақ экономикалық шарттардың болжамдары туралы ақпаратты қоса алғанда, шамадан тыс залалсыз немесе күш салусыз есепті күнгі жағдай бойынша негізделген түрде қолжетімді болып табылатын ақпарат;

18) міндеттемелерді қайта құрылымдау – төменде тізбеленген жағдайлардың кез келгеніне сәйкес, контрагенттің міндеттемелерге қызмет көрсету жөніндегі бар немесе күтілетін қиындықтарын шешу мақсатында шарттың тәртібі мен талаптарын кез келген өзгерту:

шарт бойынша төлем кестесін өзгерту, оның ішінде:

шарт бойынша негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу үшін төлемдер бойынша жеңілдік берілген кезеңді кейіннен ұсыну не ұзарту;

шарттың мерзімін кейіннен ұзарту;

шарт бойынша бір немесе одан көп төлемдердің мерзімін ұзарту;

дара актив бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының бір бөлігін есептен шығару немесе кешіру;

сыйақы бойынша мерзімі өткен төлемдерді капиталдандыру;

сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті капиталдандыра/кейінге қалдыра отырып, қарыз валютасын бір валютадан басқасына өзгерту (айырбастау);

Банктегі, оның ішінде басқа қаржы ұйымдарындағы қолданыстағы қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті төлеу үшін жаңа қарыз ұсыну;

мерзімі өткен берешек болған жағдайда кредиттік лимитті ұлғайту;

контрагенттің қаржылық қиындықтарына байланысты қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету;

Банкке берілетін контрагенттің кепілзаттық мүлігі есебінен берешекті өтеу нәтижесінде қарыз бойынша берешекті төмендету;

19) жоба – Банктің қарыз (кредит) беруі арқылы қаржыландырылатын және жаңа өндірістерді құруға, қолданыстағы өндірістерді кеңейтуге және жаңартуға, соның ішінде активтерді, акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін), мүліктік кешендерді сатып алуға; және/немесе Қазақстан Республикасының резиденттері орындайтын (көрсететін) жұмыстар (қызметтер) экспортын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын өнімдердің экспортын ынталандыруға бағытталған іс-шаралар кешені;

20) активті (шартты міндеттемені) қайта жіктеу – бұрын қалыптастырылған провизия (резерв) сомасы мен қайта жіктеу жүргізілгеннен кейінгі қажетті провизия (резерв) сомасының арасындағы айырма сомаларына ұлғайту немесе азайту жағына провизиялар (резервтер) сомаларының оған қарсы тиісті өзгерістерімен бұрын жіктелген активті (шартты міндеттемені) жіктеу;

21) қамтамасыз ету құны – бағалау сәтінде оны өткізу (сату) мүмкіндігі ескеріле отырып, ағымдағы сәттегі қамтамасыз етудің нарықтық (әділ) бағасы;

22) шартты міндеттеме – қарыздарды ұсыну, өтелмеген аккредитивтер, шығарылған немесе расталған кепілдіктер бойынша шартты міндеттемелер;

23) қаржылық қиындықтар:

контрагенттің есепті күнге Банк алдында мерзімі өткен міндеттемелерінің болуы;

контрагенттің мерзімі өткен міндеттемелері жоқ, бұл ретте Банкте контрагент өз міндеттемелері бойынша төлеу мерзімдерінің бұзылуына жол беретіндігі, шарт бойынша оған жеңілдетілген шарттар ұсынылмайтыны туралы ақпараттың болуы;

контрагент биржада тіркелген бағалы қағаздардың эмитенті болып табылады және мұндай бағалы қағаздар қаржылық жағдайдың нашарлауына байланысты соңғы 12 айдың ішінде бағалы қағаздардың күшін жою рәсімінен өтеді не өткен;

контрагенттің нақты көрсеткіштерінің, болжамдары мен қаржылық жағдайын бағалаудың негізінде банк контрагенттің ақшалай ағындары Банк алдындағы шарттық міндеттемелерін (негізгі борыш пен сыйақыны қоса алғанда) өтеу үшін жеткіліксіз болады деп болжамдайды;

24) РОСІ-актив – бастапқы тану сәтіне кредиттік құнсыздану болған, сатып алынған немесе құрылған қаржылық актив (немесе активтер).

2-тарау. Активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеу және ұйымның күмәнді және үмітсіз активтері мен шартты міндеттемелеріне қарсы провизиялар (резервтер) қалыптастыру ерекшеліктері

3. Провизиялар (резервтер) активтер мен шартты міндеттемелер құнсызданған кезде – актив және шартты міндеттеме кредиттік тәуекелдің іске асырылуы салдарынан құнын жоғалтқан кезде қалыптастырылады.

4. Активті және шартты міндеттемені жіктеу, оларды ұйымның бухгалтерлік есебінде көрсету ұйым мен оның борышкері (дебиторы) арасындағы шарт талаптарын өзгертпейді, оның ішінде ұйымның талап етудің (борыштың) негізгі сомасын және ол бойынша сыйақыны, сондай-ақ борышкердің (дебитордың) шарт талаптарын бұзғаны үшін айыппұлды, өсімпұлды толық көлемде алу құқығына әсер етпейді.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қойылатын талаптар мен салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша талаптарды қоспағанда, активтер мен шартты міндеттемелер жіктелуге тиіс.

6. Егер қарыз алушы (борышкер, бірлесіп қарыз алушы) салық заңнамасына сәйкес айқындалған жеңілдетілген салық салынатын мемлекетте тіркелген не

жеңілдетілген салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаға қатысты тәуелді немесе еншілес тұлға болып табылса, осы Қағидалар қолданылмайды.

7. Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу (қайта жіктеу) және провизиялар (резервтер) қалыптастыру:

осы Қағидалардың және ұйымның ішкі нормативтік құжаттарының талаптары сақталған;

активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) қалыптастыру мақсатында кешенді және объективті талдау жүргізуге мүмкіндік беретін толық және анық ақпарат болған кезде жүзеге асырылады.

8. Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу (қайта жіктеу) және (немесе) провизиялар (резервтер) қалыптастыру осындай жіктеудің уақтылығы мен провизиялар (резервтер) мөлшері өзгерістерінің ұйымның есебі мен есептілігінде көрсетілуінің анықтығы қағидатына негізделеді.

9. Активтер мен шартты міндеттемелер стандартты және жіктелген болып бөлінеді.

10. Жіктелген актив ол бойынша шарттың талабы орындалмайтын не ол бойынша талап толық көлемде орындалмайды немесе мүлде орындалмайды деп пайымдауға негіз болатын активті білдіреді.

11. Жіктелген шартты міндеттеме ол бойынша үшінші тұлғалардың пайдасына борышкер үшін қабылданған және шарттың талаптарынан туындайтын кредиттік тәуекелдерді көтеретін ұйымның өз міндеттемелерін орындау ықтималдығы бар шартты міндеттемені білдіреді.

12. Жіктелгендерге жатпайтын активтер мен шартты міндеттемелер стандартты болып табылады.

13. Жіктелген активтер мен шартты міндеттемелер мынадай санаттарға бөлінеді:

күмәнді;
үмітсіз.

14. Ұйымның жіктелген активтері мен шартты міндеттемелері бойынша провизиялардың (резервтердің) мөлшері осы Қағидалардың 61-тармағының 1) тармақшасында белгіленген өтімділігі жоғары қамтамасыз ету тізбесі бойынша өтімділігі жоғары қамтамасыз ету құнына азайтылған негізгі борыштың (талаптың) сомасынан есептеледі.

15. Активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеуді (қайта жіктеуді) ұйым ай сайын барлық активтер мен шартты міндеттемелер бойынша және жіктеу (қайта жіктеу) жүргізудің белгілі бір күніндегі жағдай бойынша айдың соңғы жұмыс күніне дейін жеті жұмыс күнінен асырылмай жүргізіледі.

16. Біртекті қарыздардың (кредиттердің) қоржынын жіктеуді (қайта жіктеуді) ұйым біртекті қарыздардың (кредиттердің) барлық қоржындары бойынша және

жіктеуді (қайта жіктеуді) жүргізудің белгілі бір күніндегі жағдай бойынша тоқсанның соңғы жұмыс күніне дейін жеті жұмыс күнінен асырылмай жүргізеді.

17. Осы Қағидаларға сәйкес есептелген провизиялар (резервтер) мөлшері тиісті провизиялар (резервтер) шоттарында бухгалтерлік есепте және қаржылық есептілікте көрсетілген провизиялар (резервтер) мөлшерінен аспауға тиіс.

18. Ұйымдардың қарыз алушылардың (борышкерлердің) кредит төлеу қабілеттілігін талдау кезінде, оның ішінде қарыз алушының қаржылық жағдайын және кепіл құнын бағалау кезінде пайдаланылатын өлшемшарттар, сондай-ақ провизиялар (резервтер) құру жөнінде шешімдер қабылдау және оларды орындау рәсімдері осы Қағидаларда, сондай-ақ ұйымның кредит, инвестициялық және есептік саясатын айқындайтын ішкі құжаттарында регламенттеледі.

2.1-параграф. Осы Қағидалардың 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 және 44-тармақтарында көзделген қарыздарды (кредиттерді) қоспағанда, қарыздарды (кредиттерді) жіктеу ерекшеліктері

19. Мыналарды:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші орган ұсынымдарының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша және (немесе) ұйымның басқару органының шешімі бойынша ұсынылған бланкілік қарызды (кредитті);

2) бір мезгілде мынадай:

2009 жылғы 21 ақпанға дейін берілген;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ұсынылған және (немесе) Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші орган ұсынымдарының негізінде ұйымның уәкілетті органының шешімі бойынша ұсынылған шарттарға жауап беретін бланкілік қарызды (кредитті) қоспағанда, бланкілік қарыздар (кредиттер) күмәнді және (немесе) үмітсіз активтерге жатқызылмайды.

20. Егер:

1) кредит берудің жалпы мерзімін ұзарту қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты болмаса және (немесе) қарыз алушыда ұйым алдында мерзімі өткен және (немесе) есептен шығарылған борышы болмаса, бірақ бір реттен артық емес;

2) шарт (бас келісімдер шеңберінде жасалған шарттарды қоса алғанда) бойынша төлемдер мерзімін өзгерту қарыз алушының қаржылық жағдайының

нашарлауына байланысты болмаса және (немесе) қарыз алушыда ұйым алдында мерзімі өткен және (немесе) есептен шығарылған борышы (қарызды (кредитті) мерзімінен бұрын өтеуге байланысты кестелердің өзгеруін есепке алмай) болмаса, бірақ үш реттен артық емес, мерзімін ұзарту санын айқындау мақсатында мерзімін ұзартудың болуы ескерілмейді.

21. Мынадай:

1) Қазақстан Республикасынан тысқары жерде орналасқан (тіркелген) тауарлар, жылжымайтын, жылжымалы мүлік;

2) ұйыммен келісу бойынша жүргізілген ауыртпалықтарды қоспағанда, үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық жүктелген мүлік;

3) мемлекеттік орган салған шектеуі бар мүлік түрінде қамтамасыз ету қабылданған қарыз (кредит) қамтамасыз етілмеген деп танылады.

22. Қарыз алушыларға шетелдік валютада берілген қарыздар (кредиттер) бойынша, қарыз алушы тарапынан тиісті хеджирлеу құралдары көзделмеген валюталық тәуекелдер бойынша "Қаржылық жағдай" өлшемшартының жіктеу санаты бір жіктеу санатына төмендейді.

2.2-параграф. Депозиттерді жіктеу ерекшеліктері

23. Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және (немесе) ұйымның басқару органының шешімдеріне сәйкес орналастырылған депозитті қоспағанда, депозиттер күмәнді және (немесе) үмітсіз активтерге жатқызылмайды.

24. Standard & Poor's агенттігі берген А тобының рейтингінен төмен емес жеке рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингілік агенттіктерінің осыған ұқсас рейтингі бар шетел банкінде не Қазақстан Республикасының егемен рейтингінің бір деңгейінен төмен емес жеке рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент банкінде орналастырылған (ашылған) депозит (оның ішінде ағымдағы шот) қаражатты депозиттен, оның ішінде ағымдағы шоттан аудару (қайтару) бойынша кешіктіру болмаған жағдайда стандартты ретінде жіктеледі.

25. Ұйым Standard & Poor's агенттігінің А тобының рейтингінен төмен емес жеке рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас рейтингі бар шетел банкінде депозитін орналастырған ағымдағы шотын ашқан жағдайда ұйым құжаттамалық расталған деректер негізінде жарты жылда бір реттен кем емес уақытта олардың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді.

26. Standard & Poor's агенттігінің А тобының рейтингінен төмен емес жеке рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас рейтингі бар не Қазақстан Республикасының резидент банкінде

Қазақстан Республикасының егемен рейтингінің бір позициясынан төмен рейтингі бар шетел банкінде депозит орналастырған не ағымдағы шот ашқан жағдайда ұйым құжаттамалық расталған деректер негізінде тоқсанына бір рет олардың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді.

2.3-параграф. Біртекті қарыздарды (кредиттерді) жіктеу ерекшеліктері

27. Ұйымның ішкі кредиттік саясатында айқындалған шарттарда берілген және тәуекелді бағалау күніндегі мөлшері жиынтығында бір қарыз алушыға ұйымның меншікті капиталы шамасының 0,02 пайызынан аспайтын қарыздар (кредиттер), егер осы Қағидалардың 32-тармағында өзгеше белгіленбесе, біртекті қарыздардың (кредиттердің) қоржынына қосылады.

28. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалған және жобаларды Қазақстан Республикасының экономикасын оның басым салаларында жаңғыртуға және әртараптандыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес іске асыратын заңды тұлғаларға берілген қарыздар (кредиттер) біртекті қарыздардың (кредиттердің) қоржынына қосылмайды.

29. Ұйым біртекті қарыздардың (кредиттердің) қоржыны бойынша провизиялар (резервтер) қалыптастыру туралы шешім қабылдаған кезде ұйымның ішкі кредиттік саясатында мыналар көзделуге тиіс:

- 1) қолданылатын біртектілік белгілерінің тізбесі;
- 2) топтау жүргізу тәртібі, әдістері, мерзімдері;
- 3) мониторинг жүргізу тәртібі;
- 4) провизияларды (резервтерді) жіктеу (қайта жіктеу) және қалыптастыру, олардың мөлшерін оларға қарсы ұлғайту немесе өзгерту жағына өзгерту әдістемесі мен рәсімдері.

30. Қарыздардың (кредиттердің) біртектілігінің белгілері:

- 1) қарыз алушының түрі;
- 2) кредит беру технологиясы;
- 3) нысаналы мақсаты;
- 4) қамтамасыз ету түрі;
- 5) кредит беру мерзімі;
- 6) ұйымның ішкі кредиттік саясатымен айқындалған әртүрлі кредит беру бағдарламалары бойынша өзге де белгілер.

Мыналар біртектілік белгілері болмайды:

- 1) мерзімі өткен борыштардың болуы немесе болмауы;
- 2) мерзімі өткен борыштар күндерінің саны;
- 3) жеке алынған қарыздар (кредиттер) бойынша кредиттік тәуекелдер деңгейі;
- 4) мерзімін ұзартулар саны.

31. Әдістеме біртекті қарыздарды (кредиттерді) күмәнді және үмітсіз санатқа жатқызу тәртібін айқындауға тиіс.

32. Ұйым өзінің ішкі кредиттік саясатында көрсетілген біртектілік белгілері бар қарыздарды (кредиттерді) ұйымның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен біртекті қарыздардың (кредиттердің) қоржынына енгізбеуге құқылы.

33. Қарызды (кредитті) біртекті деп тану, сондай-ақ қарызды (кредитті) біртекті қарыздардың (кредиттердің) қоржынына енгізу шарт талаптарының негізінде оған қол қойылған күні жүргізіледі.

34. Шартқа қол қойылғаннан кейін осы Қағидалардың 35-тармағында көзделгеннен басқа кез келген талаптар өзгерген кезде біртекті қарыздардың (кредиттердің) қоржынын қайта топтауды өзгертуге әкеп соқтырмайды.

35. Егер қарыздың (кредиттің) тәуекелді бағалау күніндегі мөлшері ұйымның меншікті капиталы шамасының 0,02 пайызына тең болса немесе одан асса, қарызды (кредитті) біртекті деп тану тоқтатылады.

36. Біртекті деп тану тоқтатылған, сондай-ақ біртекті қарыздардың (кредиттердің) тобына енгізілмеген қарыздар (кредиттер) осы Қағидалардың 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60 және 61-тармақтарына сәйкес жіктеледі.

37. Ұйымның біртекті қарыздар (кредиттер) бойынша тәуекелін бағалау әдістемесі, тұтастай алғанда, жекелеген қарыздар (кредиттер) сапасының төмендеуіне және мұндай қарыздардың (кредиттердің) қоржыннан алынуына байланысты провизиялар (резервтер) мөлшерінің өсуін көздемеуі тиіс.

38. Егер біртекті қарыздар (кредиттер) қоржынына енгізілген күнтізбелік 30 (отыз) және одан артық күн мерзімі бар мерзімі өткен борыштардың мөлшері (пайыздық үлесі) біртекті қарыздар (кредиттер) қоржыны бойынша іс жүзінде құрылған провизиялардың (резервтердің) мөлшерінен артық болса, онда ұйым құрылған провизиялардың (резервтердің) мөлшері мен күнтізбелік 30 (отыз) және одан артық күн мерзімі бар мерзімі өткен борыштардың мөлшері арасындағы айырма сомасына провизияларды (резервтерді) қосымша қалыптастырады.

39. Біртекті қарыздар (кредиттер) қоржыны бойынша активтің жіктемелік санаты осы Қағидаларға 1-қосымшаның 4-кестесіне сәйкес анықталады.

40. Ұйым тоқсанына кемінде бір рет біртекті қарыздар (кредиттер) қоржыны бойынша кредиттік дерекнамаға қоржынға жүргізілген талдау және оның нәтижелері туралы ақпаратты құжаттамалық ресімдейді, оның ішінде ұйымның біртекті қарыздар (кредиттер) қоржыны бойынша кредиттік тәуекел мөлшері туралы тұжырымдарын, сондай-ақ провизиялардың (резервтердің) есебі туралы ақпаратты енгізеді.

2.4-параграф. Дебиторлық берешекті жіктеу ерекшеліктері

41. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін іске асыру салдарынан және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және (немесе) ұйымның басқару органының шешімдеріне сәйкес пайда болған дебиторлық берешекті қоспағанда, дебиторлық берешек күмәнді және (немесе) үмітсіз активтерге жатқызылмайды. Бұл ретте ұйымның мерзімділік, қайтарымдылық және өтеусіз (пайызсыз) негізде қарыздар (кредиттер) беруі салдарынан және (немесе) ұйымның шартты міндеттемелерді орындауы салдарынан туындаған берешек дебиторлық берешек деп түсініледі.

42. Өтеу мерзімін куәландыратын құжаттармен расталмаған дебиторлық берешек пайда болған жағдайда, мұндай дебиторлық берешек мерзімі өткен деп саналады және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес пайда болған сәттен бастап күнтізбелік он күн өткен соң жіктелуге жатады.

43. Дебиторлық берешекті өтеудің мерзімі өткен жағдайда, дебиторлық берешек "Өтеу мерзімі өтуінің болуы" және "Қарыз алушыда (борышкерде) рейтингтің болуы" өлшемшарттары бойынша жіктеледі.

44. Дебиторлық берешекті өтеудің мерзімі өткен жағдайда және егер бір дебитор есебінен дебиторлық берешек ұйымның меншікті капиталының 5 (бес) пайызынан астамды құраса, дебиторлық берешек "Қаржылық жағдай", "Өтеу мерзімі өтуінің болуы" және "Қарыз алушыда (борышкерде) рейтингтің болуы" өлшемшарттары бойынша жіктеледі.

2.5-параграф. Шартты міндеттемелерді жіктеу ерекшеліктері

45. Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші орган ұсынымдарының негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін іске асыру салдарынан және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және (немесе) ұйымның басқару органының шешімдеріне сәйкес пайда болған шартты міндеттемелерді қоспағанда, шартты міндеттемелер күмәнді және (немесе) үмітсіз активтерге жатқызылмайды.

46. Олар бойынша ақша түрінде өтелуі бар және ұйымның бухгалтерлік есебінің тиісті шоттарында көрсетілген міндеттемелерді қоспағанда, ұйымның шартты міндеттемелері жіктелуге жатады.

47. Қарыз алушының (борышкердің) қаржылық жағдайы нашарлаған және (немесе) сыйақы төлеуде кідіріс болған жағдайда, шартты міндеттеме "Қаржылық жағдай" және "Өтеу мерзімі өтуінің болуы" өлшемшарттары бойынша жіктеледі.

48. Ұйым шарт талаптарынан туындайтын өз міндеттемелерін орындаған кезде туындайтын талап, егер шартта оны қарызға (кредитке) қайта ресімдеу көзделмесе, міндеттемелер сомасына дебиторлық берешекке қайта ресімделеді.

2.6-параграф. Өзге де активтерді жіктеу ерекшеліктері

49. Ұйымның бағалы қағаздар қоржынында орналасқан бағалы қағаздар бойынша талаптар мен мынадай тиісті анықтамаларға сәйкес келетін активтер күмәнді және (немесе) үмітсіз активтерге жатқызылмайды:

1) Standard & Poor's агенттігінің "BBB-"-дан төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы бар немесе басқа да рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzAAA"-дан төмен емес немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздар немесе;

2) Standard & Poor's агенттігінің "BBB-"-дан төмен емес халықаралық рейтингісі бағасы бар немесе басқа да рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzAAA"-дан төмен емес немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас рейтингі бар эмитенттер акциялары.

50. Ұйым инвестициялары (салымдары) заңды тұлғаның акцияларына (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі), сондай-ақ Standard & Poor's агенттігінің "BBB-"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингтік агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар күмәнді және (немесе) үмітсіз активке жатқызылмайды.

3-тарау. Активтер мен шартты міндеттемелерді (инвестициялық қарыздарды (кредиттерді) және олармен байланысты шартты міндеттемелерді, сондай-ақ біртекті қарыздар (кредиттер) қоржынына енгізілген қарыздарды (кредиттерді) қоспағанда) жіктеу кезінде ұйымның өлшемшарттарды пайдалану ерекшеліктері

3.1-параграф. Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғаларға арналған өлшемшарттарды пайдалану ерекшеліктері

51. Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар активтер мен шартты міндеттемелерді (инвестициялық қарыздарды (

кредиттерді) және олармен байланысты шартты міндеттемелерді, сондай-ақ біртекті қарыздардың (кредиттердің) қоржынына енгізілген қарыздарды (кредиттерді) қоспағанда) жіктеген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1 және 4-кестелері қолданылады.

52. Қарыздарды (кредиттерді) жіктеген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-кестесінің 1, 2, 3, 4 және 5-тармақтарында көзделген өлшемшарттар пайдаланылады.

53. Депозиттерді жіктеген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-кестесінің 1, 2 және 5-тармақтарында көзделген өлшемшарттар пайдаланылады.

54. Дебиторлық берешекті, бағалы қағаздарды жіктеген кезде ұйымның бағалы қағаздар қоржынында орналасқан акцияларды жіктеуді қоспағанда, осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-кестесінің 1, 2 және 5-тармақтарында көзделген өлшемшарттар пайдаланылады.

55. Ұйымның бағалы қағаздар қоржынында орналасқан акцияларды жіктеген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-кестесінің 1 және 5-тармақтарында көзделген өлшемшарттар пайдаланылады.

56. Шартты міндеттемелерді жіктеген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-кестесінің 1, 2 және 5-тармақтарында көзделген өлшемшарттар пайдаланылады.

57. Активтің (шартты міндеттеменің) жіктеу санаты активті (шартты міндеттемені) бағалау баллдарының жалпы санын негізге ала отырып, тиісті өлшемшарттар бойынша айқындалады.

58. Провизиялар (резервтер) осы Қағидаларға 1-қосымшаның 4-кестесіне сәйкес жіктеу санатын негізге ала отырып және тиісті мөлшерлерде айқындалады.

Салық салу мақсатында осы Қағидаларға сәйкес құрылған провизиялар (резервтер) мына формула бойынша айқындалатын коэффициентке түзетіледі:

$$K = \frac{T}{ЖЖТ}, \text{ мұнда}$$

К – коэффициент,

ЖЖТ – түзетулерді ескере отырып салық кезеңі ішіндегі жылдық жиынтық табыс,

Т – салық кезеңі ішінде жылдық жиынтық табысқа қосылған (қосылуға жататын) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімін және (немесе) ұйымның Директорлар кеңесінің шешімін және (немесе) тиісті жылға арналған

республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру нәтижесінде пайда болған активтер бойынша алынған табыстар. Осы көрсеткіш Салық кодексінің 241-бабына сәйкес жылдық жиынтық табыстан алынып тастауға жататын табыстарды қамтымайды.

59. Қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық жағдайы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес айқындалады.

60. Қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның, жеке тұлғаның қаржылық жағдайы былайша жіктеледі:

1) тұрақты – мына көрсеткіштер болған жағдайда:

қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық жағдайы тұрақты болып табылады;

қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) төлем қабілеттілігі бар ;

ақша ағыны қарызға қызмет көрсетуге мүмкіндік береді;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес есептелген коэффициенттердің мәні қолайлы болып табылады;

бизнесті дамытуға оң нарықтық шарттар бар, нарықта жақсы бәсекелі позициясы бар;

ресурстар мен капитал нарығына еркін қол жеткізеді, саны шектеулі жеткізушілерге тәуелді емес, шарттың қолданылу мерзімі ішінде қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық жағдайын айтарлықтай нашарлатуға ықпал ететін ішкі және сыртқы факторлар анықталған жоқ;

қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) ұйыммен өзінің міндеттемелері бойынша есептесу мүмкіндігі күмән тудырмайды;

қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) активтері мен міндеттемелері мерзімі бойынша шамалас;

қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) жағымды кредиттік тарихы бар;

2) қанағаттанарлық – мына көрсеткіштер болған жағдайда:

қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық жағдайы осы санаттағы "тұрақты" сипаттамасына жақын, бірақ оның осы деңгейде ұзақ уақыт бойына ұстап тұру ықтималдылығы төмен болып табылады;

кірістердің, төлем қабілеттілігінің төмендеуі байқалады; динамикада ақша ағындарының елеусіз азаюы байқалады, ақша ағындары борыштың негізгі бөлігін өтейді;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес есептелген коэффициенттердің мәні қанағаттанарлық болып табылады;

қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) өзінің қаржылық жағдайын жақсартуға қажетті шаралар қолданады;

тауарларды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушілердің және қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) өнімдерін тұтынушыларын шоғырландыру тәуекелі барынша төмен болып табылады;

қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қосымша ресурстарға қол жеткізе алатынына байланысты ұйыммен өз міндеттемелері бойынша есептесу қабілеттілігі күмән туғызбайды;

3) тұрақсыз – мына көрсеткіштер болған жағдайда:

қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) өз міндеттемелері бойынша мынадай факторлардың байқалуына байланысты ұйыммен есептесе алмайды деген толық ықтималдық бар:

қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық жағдайы тұрақты және елеулі нашарлау белгілеріне ие;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес есептелген коэффициенттердің мәні қолайсыз болып табылады;

төлем қабілеттілігінің деңгейі төмен, нарықтық үлесінің тұрақты түрде азаюы байқалады;

қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) қабылдайтын шаралар қаржылық жағдайды тұрақтандыратынына сенім жоқ;

қарыз алушыға (борышкерге, тең қарыз алушыға) 1 жылдан аспайтын мерзімге санация жарияланған;

қарыз алушыға (тең қарыз алушыға) бұрын берілген қарыз (кредит) бойынша борышты өтеу мақсатында қарыз (кредит) берілген жағдайда;

қарыз алушыға (борышкерге, тең қарыз алушыға) материалдық зиян тигізсе де, оның қызметін тоқтатпаған форс-мажорлық жағдай, сондай-ақ басқа жағдай орын алған;

4) өте қиын – мына көрсеткіштер болған жағдайда:

қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) өз міндеттемелері бойынша мынадай факторлардың байқалуына байланысты ұйыммен есептесе алмайды деген толық ықтималдық бар:

қарыз алушының (тең қарыз алушының) қаржылық жағдайының нашарлауы шекті деңгейге жетті, бұл Қағидаларға 2-қосымшаға көрсетілген барлық көрсеткіштердің бұзылуымен расталады; төлем қабілетсіздігі;

нарықтық позицияларын жоғалтуы;

қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) меншік капиталының теріс болуы ;

қарыз алушыға (тең қарыз алушыға) 1 жылдан астам мерзімге санация жарияланған;

қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) банкрот деп танылған;

қарыз алушыға (тең қарыз алушыға) материалдық залал келтірген және/немесе оның өз қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермейтін форс-мажорлық жағдайдың болуы;

ұйымның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен кредит беру бойынша құжаттаманы жүргізу талаптарына сәйкес кредиттік мониторинг бойынша құжаттамасының болмауы.

Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалардың қаржылық жағдайы шоғырландырған негізде ұлттық басқарушы холдингтің қаржылық жағдайынан төмен жіктеле алмайды.

61. Қамтамасыз ету сапасы былайша жіктеледі:

1) сенімді – жиынтығы актив бойынша қарыз алушының кемінде 100 пайыз міндеттемелерін жабатын өтімділігі жоғары қамтамасыз ету (негізгі борыш және бірінші тоқсанның ішінде қарыз (кредит) пайдалануға сыйақы алуға қажетті, сондай-ақ жеңілдік берілген кезеңдегі сыйақы бойынша, егер мұндай жеңілдікті ұйым берсе), мыналар түрінде:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктері (кепілдемелері);

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

Қазақстан Республикасының резиденттері емес заңды тұлғалардың, оның ішінде Standard & Poor's агенттігі берген "A" тобынан төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингілік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің кепілдіктері (кепілдемелері);

Қазақстан Республикасының резиденттері заңды тұлғалардың, оның ішінде Standard & Poor's агенттігі берген "A-" тобынан төмен емес борыштық рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингілік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент банктердің кепілдіктері (кепілдемелері);

Standard & Poor's агенттігі берген "A-" тобынан төмен емес қаржылық сенімділік рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингілік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру полистері;

мемлекеттік мәртебесі бар, шет мемлекеттердің үкіметтері және орталық банктері шығарған, Standard & Poor's агенттігі берген "A-" тобынан төмен емес егемен рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингілік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бағалы қағаздар;

монетарлық қымбат бағалы металдар;

Қазақстан Республикасының бірінші сыныпты эмитенттерінің вексельдері;

Standard & Poor's агенттігі берген "B" тобынан төмен емес қаржылық сенімділік рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингілік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру полистері түрінде қамтамасыз етуге 0,8 коэффициенті;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген жылжымайтын мүлік түрінде қамтамасыз етудің нарықтық құнына 0,7 коэффициенті;

мынадай:

қарыз алушының дебиторлық берешегі;

қарыз алушының және/немесе кепілзат берушінің жылжымалы мүлкі;

айналымдағы тауарлар түріндегі қамтамасыз етуге 0,6 коэффициенті.

85. Ұйымның қамтамасыз ету сапасы жүргізілген қамтамасыз ету мониторингі нәтижелері бойынша мыналар:

1) жылжымайтын мүлік бойынша – Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы мен қарыз алушы және (немесе) кепілзат алушы арасында жасалған шарт бойынша жүргізілген бағалау жөніндегі есепте айқындалған жылжымайтын мүліктің нарықтық құны;

2) өзге қамтамасыз ету бойынша – ұйымның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес анықталған құны қолданыла отырып айқындалады.

4.2-параграф. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалған және Қазақстан Республикасының экономикасын, оның басым салаларында жаңғырту мен әртараптандыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жобаларды іске асыратын заңды тұлғаларға берілген инвестициялық қарыздарды (кредиттерді) жіктеу өлшемшарттарын пайдалану ерекшеліктері

86. Ұлттық басқарушы холдинг Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалған және Қазақстан Республикасының экономикасын оның басым салаларында жаңғырту мен әртараптандыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жобаларды іске асыратын заңды тұлғаларға берілген қарыздарды (кредиттерді) жіктеген кезде осы Қағидаларға 3-қосымшаның 2 және 3-кестелері пайдаланылады.

5-тарау. Банктің активтер мен шартты міндеттемелерге қарсы провизияларды (резервтерді) қалыптастыру ерекшеліктері 5.1-параграф. Провизияларды (резервтерді) құру тәртібі

87. Банк Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына, № 9 "Қаржы құралдары"

халықаралық қаржылық есептілік стандартына (бұдан әрі – № 9 ХҚЕС) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес күтілетін және қолда бар кредиттік залалдарға провизияларды (резервтерді) құрады.

88. Провизиялар (резервтер) Банктің атқарушы органы бекіткен провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне (бұдан әрі – әдістеме) сәйкес құрылады.

89. Провизияларды (резервтерді) қалыптастыру мақсаттары үшін дара активтердің құнсыздануының үш сатысы, сондай-ақ құрылған немесе сатып алынған кредиттік құнсызданған активтер (бұдан әрі – РОСІ-активтер) ерекшеленеді:

№ 1 саты – дара активті бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаймаған, кредиттік құнсыздану белгілерінің болмауы;

№ 2 саты – бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы орын алды, бірақ дефолт жоқ;

№ 3 саты – бастапқы тану сәтінен бастап дефолтпен сүйемелденетін кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы орын алған;

РОСІ-активтер – бастапқы тану сәтіне кредиттік құнсыздану болған, сатып алынған немесе құрылған қаржылық актив.

90. РОСІ-активтер болып табылмайтын жеке активтер бойынша провизияларды (резервтерді) есептеу мынадай кезеңдердің орындалуын көздейді:

1) дара актив сатыларын айқындау, атап айтқанда:

дара активтің кредиттік құнсыздануын объективті растау болып табылатын оқиғалардың болуын бағалау;

кредиттік құнсызданудың объективті расталуы анықталған жағдайда, жеке актив № 3 сатыға жіктеледі және әдістемеге сәйкес есепті күнге қолда бар кредиттік залалдар есептеледі;

дара активті бастапқы тану күнінен бастап кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюына әкеп соқтырған оқиғалардың болуын бағалау;

кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы анықталған жағдайда, дара актив № 2 сатыға жіктеледі және әдістемеге сәйкес есепті күнге бүкіл мерзімдегі күтілетін кредиттік залалдар есептеледі;

кредиттік құнсызданудың расталуы және кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаю өлшемшарттары болмаған жағдайда, дара актив № 1 сатыға жіктеледі және әдістемеге сәйкес 12 айлық күтілетін кредиттік залалдар есептеледі;

2) провизиялардың (резервтердің) мөлшері күтілетін және есепті күнге қолда бар кредиттік шығындардың мөлшеріне теңестіріледі.

91. Банк дефолттың пайда болу ықтималдығын есептеу мақсатында Банктің уәкілетті органы бекіткен, рейтингілік бағалауды үлгілеу саласындағы халықаралық ұйымдардың (сарапшылардың) немесе олардың мамандандырылған

бөлімшелерінің қатысуымен әзірленген және тестілеуден өткен ішкі рейтингілік үлгіні пайдаланады. Рейтингілік бағалауды үлгілеу саласындағы халықаралық ұйымдар (сарапшылар) болып мыналар танылады, бірақ бұл тізіммен шектелмейді:

Standard & Poor's Financial Services LLC;
Fitch Ratings Inc.;
Moody's Investors Service;
Fair, Isaac and Company (FICO);
Experian plc.;
Deloitte Touche Tohmatsu Limited;
Ernst & Young Global Limited;
KPMG;
Pricewaterhouse Coopers International Limited.

92. Дефолт кезіндегі ықтимал жоғалту сомасын есептеу мақсаттары үшін Банк шарттың құрылымын күшейтетін элементтерді бағалайды және Банктің уәкілетті органы бекіткен дефолт кезіндегі жоғалтуды есептеу үлгісіне сәйкес күтілетін залалдардың есебінде пайдаланылатын қамтамасыз етудің құнына қойылатын өтімділік коэффициенттерін қолданады.

93. Банк дефолт кезіндегі талаптардың сомасын есептеу мақсаттары үшін Банктің уәкілетті органы бекіткен дефолт кезіндегі талаптардың сомасын есептеу үлгісіне сәйкес кредиттік тәуекел құрамдауыштарын бағалау үлгілерін қолданады.

94. Мұндай дара актив бойынша есептік болашақ ақшалай ағындарға теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқиғалар болатын кездегі дара актив кредиттік құнсызданған болып табылады. Дара активтің кредиттік құнсыздауының объективті растауы ретінде, атап айтқанда мынадай оқиғалар туралы бақыланатын деректер болып табылады:

1) контрагенттің есепті күнге айтарлықтай қаржылық қиындықтары туралы негізделген және расталатын ақпараттың болуы;

2) шарт талаптарының бұзылуы, атап айтқанда, дефолт немесе есепті күнге Банкте және/немесе басқа қаржылық ұйымдарында күнтізбелік 60 күннен асатын төлемдер мерзімдерінің (негізгі борыш және/немесе сыйақы) өтуі;

3) контрагенттің қаржылық қиындықтарына байланысты контрагент міндеттемелерін қайта құрылымдау, нәтижесінде бастапқы келісімшарттық таза дисконтталған құн мен бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген жаңа келісімшарттық таза дисконтталған құн арасындағы айырмашылық соңғы 12 ай ішінде бір немесе бірнеше рет 5%-дан астамға теріс болады;

4) Банкте контрагенттің қызмет түрлеріне немесе коммерциялық қызметіне лицензиядан айырылуы/оның қолданысының тоқтатылуы туралы ақпаратты қоса алғанда, контрагентке елеулі материалдық нұқсан келтірген немесе оған өзінің қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермейтін форс-мажорлық, сондай-ақ өзге де мән-жайлар туралы ақпараттың болуы;

5) банкроттықтың немесе қаржылық қайта ұйымдастырудың өзге де түрінің жоғары ықтималдығы, сондай-ақ контрагенттің қаржылық жағдайын нашарлатуы мүмкін сот талқылауына тартылуы туралы негізделген және расталатын ақпараттың болуы;

6) контрагенттің айтарлықтай қаржылық қиындықтары нәтижесінде осы жеке актив үшін белсенді нарықтың жойылуы.

95. Кредиттік құнсызданудың объективті белгісі және дисконтталған күтілетін ақша ағындарының сомасы дара активтің жалпы теңгерімдік құнынан асатындығы расталған дара активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдарға тең кредиттік залалдар есептеледі.

96. Дара активті № 3 сатыға жатқызылған күнінен бастап жалпы теңгерімдік құнның 25%-ға азаюына алып келетін контрагенттің берешекті өтеу шартымен № 3 сатыға жатқызылған дара активтер № 2 сатыға өтеді.

97. Егер есепті күнге кредиттік құнсызданудың объективті белгілері болмаса, бірақ осы дара актив бойынша есепті күнге қаржы құралын бастапқы тану күнінен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы орын алса, дара актив № 2 кезеңге жатқызылады.

98. Кредиттік тәуекелдің ұлғаюы былайша анықталады:

1) қаржылық актив бойынша дефолттың басталу тәуекелін дефолттың бастапқы тану күніне басталу тәуекелімен салыстыру арқылы әрбір жеке актив бойынша қаржы құралының күтілетін қолдану мерзімі ішінде дефолттың басталу тәуекелінің өзгеруі бағаланады;

2) бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюын көрсететін шамадан тыс залалдар мен күш-жігерді жұмсамай қолжетімді болатын негізделген және расталатын ақпарат талданады.

99. Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюының өлшемшарттары мыналар болып табылады:

1) кредиттік тәуекел деңгейі төмен қаржылық құралдарды қоспағанда, қаржылық құралды бастапқы тану күнімен салыстырғанда есепті күнге қаржылық құралдың ішкі рейтингісінің 2 және одан астам позицияға төмендеуіне алып келген контрагенттің ішкі/сыртқы рейтингісінің төмендеуі;

2) шарт талаптарының бұзылуы, атап айтқанда, есепті күнге Банкте және/немесе басқа қаржылық ұйымдарда күнтізбелік 30 күннен асатын төлем мерзімдерінің (негізгі борыш және/немесе сыйлық) өтуі;

3) міндеттеме бойынша қамтамасыз ету құнының немесе контрагент үшін шартта көзделген келісімшарттық төлемдерді жүзеге асыруға экономикалық ынталандыруды азайтатын немесе өзгеше негізделген түрде дефолттың басталу ықтималдығына әсер ететін үшінші тараптар ұсынған кредиттік сапаны арттырудың кепілдіктері немесе тетіктері сапасының айтарлықтай өзгерістері;

4) контрагенттің есепті күнге салықтар және бақа да бюджетке міндетті төлемдер бойынша, міндетті зейнетақы салымдары бойынша, міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша күнтізбелік 30 күннен астам мерзімге (Қазақстан Республикасының резиденттері үшін) берешегінің болуы;

5) өзге де субъективтік көрсеткіш, яғни Банк күтілетін болашақ ақшалай ағындарға қолайсыз әсер етудің айтарлықтай тәуекелі бар деп есептейді.

100. Есепті күнге кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюының өлшемшарттары болмаған кезде жеке актив № 1 кезеңге берілуі мүмкін және кредиттік залалдарды есептеу 12 айлық күтілетін кредиттік залалдардың негізінде жүргізіледі.

101. Егер есепті күнге кредиттік құнсызданудың объективті белгілері болмаса және осы дара актив бойынша қаржы құралын бастапқы тану күнінен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы орын алмаса, дара актив № 1 кезеңге жатқызылады.

102. Бастапқы тану сәтіне кредиттік құнсызданған активтер болып табылатын активтердің құнсыздануға провизиялары (резервтері) болмайды. Мұның орнына бүкіл мерзім ішінде олар бойынша күтілетін кредиттік залалдардың шамасы тиімді пайыздық мөлшерлеменің есебіне енгізіледі.

103. Бастапқы танудан кейін әрбір есепті күнге сатып алынған немесе жасақталған кредиттік құнсызданған қаржылық активтер бойынша Банк тек қана бастапқы тану сәтінен бастап жинақталған, күтілетін кредиттік залалдардың бүкіл мерзім ішіндегі өзгерістерін провизия (резерв) ретінде тануға тиіс.

104. Күтілетін кредиттік залалдарды есептеу жеке активтің сатысына және оның РОСІ-активтерге тиесілігіне байланысты әдістемеде көзделген формула бойынша жүзеге асырылады.

105. Дара активтер бойынша провизиялардың (резервтердің) есеп-қисап нәтижелері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес кесте түрінде ресімделеді.

106. Провизияларды (резервтерді) құрудың мерзімділігі әдістемеде белгіленеді, бірақ кезеңнің соңына қарай айына кем дегенде бір рет.

107. Әдістемеге сәйкес құрылған провизиялардың (резервтердің) мөлшері Банктің бухгалтерлік есебінде және қаржылық есептілігінде көрініс табады.

5.2-параграф. Әдістемеге қойылатын талаптар

108. Әдістеме:

- 1) жеке активтің кредиттік құнсыздануын растайтын оқиғалардың тізбесін;
- 2) дефолттың анықтамасын;
- 3) кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюын айқындайтын өлшемшарттарды;
- 4) жеке активтің белгілі сатысына/РОСІ-активтерге тиесілігіне сәйкес провизиялардың (резервтердің) мөлшерін айқындау тәртібі;
- 5) провизиялар (резервтер) мөлшерін есептеу мерзімділігін қамтиды.

109. Мыналар:

- 1) бекітілген әдістеменің Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келмеуі;
- 2) провизиялардың (резервтердің) әдістеме талаптарына сәйкес есептелген залалдардың нақты сомаларына сәйкестігіне жасалған тестінің нәтижелері;
- 3) болашақта қолданылуына мүмкіндік бермейтін статистикалық, макроэкономикалық дереккөздердің өзгеруі (болашақта деректерді алудың мүмкін еместігі);
- 4) кредиттеу нарығында Банк стратегиясының өзгеруіне байланысты кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бойынша қоржын сегментациясының өзгеруі (мысалы, жаңа өнімдерді іске қосу, экономиканың белгілі секторларында шоғырлану және т.с.с.);
- 5) есеп-қисап модельдерінің дәлдігін арттыруға және үдерісті жақсартуға/оңтайландыруға, оның ішінде автоматтандыруға бағытталған өзге өзгерістер/толықтырулар әдістемеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің негіздері болып табылады.

110. Әдістеменің көшірмесі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі келіп түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде беретін, оның қаржылық есептілік стандарттарына сәйкестігі туралы қорытындысын алу үшін Банктің атқарушы органы бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ескертулері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Банктің атқарушы органы бекіткен пысықталған әдістемені ескертулерді алған күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей жолдау арқылы жоюға жатады.

5.3-параграф. Шегерілуге жатқызылатын провизияларды (резервтерді) есептеу

111. Салық салу мақсатында провизиялар (резервтер):

- Әдістемеге сәйкес өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын жеке активтер бойынша;
- біртекті кредиттер (қарыздар) бойынша;

егер қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) салық заңнамасына сәйкес айқындалған жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлға немесе жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаға қатысты тәуелді не еншілес тұлға болып табылған жағдайда қалыптастырылмайды.

112. 2018 жыл үшін провизиялар (резервтер) бойынша залалдардың сомасын есептеген кезде осы Қағидаларға сәйкес өткен салық кезеңінің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша құрылған провизиялардың (резервтердің) сомасы есеп беру кезеңінің басына арналған провизиялардың (резервтердің) сомасы болып табылады.

Провизиялар (резервтер) құру
қағидаларына
1-қосымша

Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар үшін активтер мен шартты міндеттемелерді (инвестициялық қарыздар (кредиттер) және олармен байланысты шарттық міндеттемелерді, сондай-ақ біртекті қарыздардың (кредиттердің) қоржынына қосылған қарыздарды қоспағанда) жіктеу өлшемшарттары

1-кесте

Р/с №	Өлшемшарттар	Жіктеу санаты			Балдар
1.	Қаржылық жай-күйі				
1)		тұрақты			0
2)		қанағаттанарлық			+1
3)		тұрақсыз			+2
4)		өте қиын			+4
2.	Кешіктірілген өтеу мерзімінің болуы				
		қарыз (кредит) бойынша	салымдар (депозиттер), бағалы қағаздар және шартты міндеттемелер бойынша	дебиторлық берешек бойынша	
1)		соңғы он екі ай ішінде жіктелетін актив бойынша кешіктірілген төлемдердің болмауы			-1
2)		соңғы он екі ай ішінде ағымдағы күнге дейін төлемдердің мерзімін өткізуі бар болған және төлемдерді төлеу мерзімі басталмаған қарыздар (кредиттер)			0
3)		7-30 күн	7 күнге дейін	14 күнге дейін	+1.5
4)		31-60 күн	7 күннен 15 күнге дейін	14 күннен 30 күнге дейін	+2.5
5)		61-90 күн	15 күннен 30 күнге дейін	30 күннен 60 күнге дейін	+3.5

6)		90 күннен астам	30 күннен астам	60 күннен астам	+4.5
3.	Қамтамасыз ету сапасы				
1)		сенімді			-3
2)		жақсы			-2
3)		қанағаттанарлық			0
4)		қанағаттанарлықсыз			+1
5)		қамтамасыз етусіз			+2
4.	Ұзарту				
1)		ұзартудың болмауы			0
2)		ұзартудың болуы			ұзартулар саны +1 балға көбейтіледі
5.	Қарыз алушыда (борышкерде) рейтингінің болуы				
1)		"А" және жоғары			-3
2)		Қазақстан Республикасының рейтингісінен жоғары – "А"-ға дейін			-2
3)		Қазақстан Республикасының рейтингісі деңгейінде			-1
4)		Қазақстан Республикасының рейтингісінен төмен және рейтингсіз			0

Ұлттық басқарушы холдинг үшін (инвестициялық қарыздарды(кредиттерді) және олармен байланысты шартты міндеттемелерді (кредиттерді), сондай-ақ біртекті қарыздар (кредиттер) қоржынына қосылған қарыздарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалған және Қазақстан Республикасының экономикасын оның басым салаларында жаңғырту мен әртараптандыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жобаларды іске асыратын заңды тұлғаларға берілген қарыздарды (кредиттерді) қоспағанда) активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеу өлшемшарттары

2-кесте

P/c №	Өлшемшарттар	Жіктеу санаты			Балдар
1.	Қаржылық жай-күйі				
1)		тұрақты			0
2)		қанағаттанарлық			+1
3)		тұрақсыз			+2
4)		нашар			+4
2.	Кешіктірілген өтеу мерзімінің болуы				
		қарыз (кредит) бойынша	салымдар (депозиттер), бағалы қағаздар және шартты міндеттемелер бойынша	дебиторлық берешек бойынша	

1)		жіктелетін актив бойынша төлемдерді өтеуде кешіктірілген төлемдердің болмауы			-1
2)		ағымдағы күнге дейін төлемдердің мерзімін өткізуі бар болған және төлемдерді өтеу мерзімі басталмаған қарыздар (кредиттер)			0
3)		7-30 күн	7 күнге дейін	14 күнге дейін	+1.5
4)		31-60 күн	7 күннен 15 күнге дейін	14 күннен 30 күнге дейін	+2.5
5)		61-90 күн	15 күннен 30 күнге дейін	30 күннен 60 күнге дейін	+3.5
6)		90 күннен астам	30 күннен астам	60 күннен астам	+4.5
3.	Қамтамасыз ету сапасы				
1)		сенімді			-3
2)		жақсы			-2
3)		қанағаттанарлық			0
4)		қанағаттанарлықсыз			+1
5)		қамтамасыз етусіз			+2
4.	Қарыз алушыда (борышкерде) рейтингінің болуы				
1)		"А" және жоғары			-3
2)		Қазақстан Республикасының рейтингісінен жоғары – "А"-ға дейін			-2
3)		Қазақстан Республикасының рейтингісі деңгейінде			-1
4)		Қазақстан Республикасының рейтингісінен төмен және рейтингсіз			0

Ұлттық басқарушы холдингтің Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалған және Қазақстан Республикасының экономикасын оның басым салаларында жаңғырту мен әртараптандыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жобаларды іске асыратын заңды тұлғаларға берілген қарыздарды (кредиттерді) жіктеу өлшемшарттары

3-кесте

Р/с №	Өлшемшарттар	Жіктеу санаты	Балдар
1.	Кешіктірілген өтеу мерзімінің болуы		
1)		жіктелетін актив бойынша кешіктірілген төлемдердің болмауы	-1
2)		ағымдағы күнге дейін төлемдердің мерзімін өткізуі бар болған және төлемдерді төлеу мерзімі басталмаған қарыздар (кредиттер)	0
3)		30-60 күн	+1.5
4)		61-90 күн	+2.5

5)		91-120 күн	+3.5
6)		120 күннен астам	+4.5

Тиісті жіктеу санаттары үшін провизиялардың (резервтердің) қажетті көлемінің пайыздық мәндерінің шкаласы

4-кесте

Активтің (шартты міндеттеменің, біртекті қарыздар (кредиттер) қоржынының) жіктелу санатын айқындауға арналған балдар саны *	Активтің (шартты міндеттеменің, біртекті қарыздар (кредиттер) қоржынының) жіктелу санаты	Активтер (шартты міндеттемелер, біртекті қарыздар (кредиттер) қоржыны) бойынша провизиялар (негізгі борыш сомасының %) мөлшері
1-ге дейін (қоса алғанда)	Стандартты	
	Күмәнді:	
1-ден 2-ге дейін (қоса алғанда)	1-санат	5% – төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде
	2-санат	10% – төлемдерді кешіктірген және толық төлемеген кезде
2-ден 3-ке дейін (қоса алғанда)	3-санат	20% – төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде
	4-санат	25% – төлемдерді кешіктірген және толық төлемеген кезде
3-тен 4-ке дейін (қоса алғанда)	5-санат	50% – барлық жағдайда
4-тен 8-ге дейін (қоса алғанда)	6-санат	75% – барлық жағдайда
8-ден жоғары	Үмітсіз	100% – барлық жағдайда

* Ескертпе:

агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдинг пен оның еншілес ұйымдарына балдар саны әрқашан 0-ге тең.

Провизиялар (резервтер) құру
қағидаларына
2-қосымша

Қарыз алушының қаржылық жағдайын айқындау

1. Контрагент банктердің және басқа да қаржы институттарының қаржылық жағдайын айқындау өлшемшарттары

1. Контрагент банктердің және басқа да қаржы институттарының қаржылық жағдайын бағалау кезінде "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген Шоттардың жоспарына сәйкес бухгалтерлік есеп шоттарында операцияларды көрсету тәртібінде қаржылық есептіліктің төменде көрсетілген көрсеткіштері пайдаланылады. " Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына " өзгерістер енгізген кезде қаржылық жағдайды бағалау контрагент-банк ұсынған қаржылық есептілік негізінде енгізілген өзгерістерді ескере отырып жүргізіледі.

Шоттың коды	Шоттың атауы
1000	Ақша
1050	Корреспонденттік шоттар
1100	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қойылатын талаптар
1200	Әділ құн бойынша пайда немесе шығын арқылы ескерілетін бағалы қағаздар
1250	Басқа банктерге орналастырылған салымдар
1300	Басқа банктерге берілген қарыздар
1306	Қарыздар бойынша басқа банктердің мерзімі өткен берешегі
1309	Қаржы лизингі бойынша басқа банктердің мерзімі өткен берешегі
1319	Басқа да банктерге берілген (контрактивті) қарыздар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)
1320	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берген қарыздар және қаржы лизингі
1327	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берген қарыздар бойынша мерзімі өткен берешек
1328	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берген қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек
1329	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген (контрактивті) қарыздар және қаржы лизинг бойынша резервтер (провизиялар)
1400	Клиенттерге қойылатын талаптар
1409	Факторинг бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешегі
1421	Қаржы лизингі бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешегі
1423	Форфейтинг бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешегі
1424	Қарыздар бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешегі
1427	Сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша мерзімі өткен берешек
1428	Қарыздар және қаржы лизингі бойынша клиенттерге берілген (контрактивті) резервтер (провизиялар)
1450	Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар
1460	Бағалы қағаздармен жасалатын "кері РЕПО" операциялары

1470	Капиталға және қоса реттелген борышқа инвестициялар
1475	Қоса реттелген борышқа инвестициялар (белсенді)
1476	Өзге инвестициялар (белсенді)
1480	Өтегенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар
1600	Тауарлық-материалдық қорлар
1650	Негізгі құралдар және материалдық емес активтер
1850	Өзге дебиторлар
1880	Секьюритизлендірілген активтер
2010	Корреспонденттік шоттар
2020	Басқа банктер талап еткенге дейінгі салымдар
2030	Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар
2040	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздар
2050	Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар
2110	Овернайт қарыздар
2120	Мерзімді салымдар
2200	Клиенттердің алдындағы міндеттемелер
2255	Бағалы қағаздармен жасалатын "РЕПО" операциялары
2300	Айналымға шығарылған бағалы қағаздар
2400	Қоса реттелген борыштар
2850	Өзге кредиторлар
3200	Жалпы банктік тәуекелдерге арналған резервтер (провизиялар)
3510	Резервтегі капитал (пассивті)
3580	Өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы (жабылмаған шығыны) (пассивті)
3599	Бөлінбеген таза пайда (жабылмаған шығын) (пассивті)
4050	Корреспонденттік шоттар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
4100	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне орналастырылған салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
4200	Бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
4250	Басқа банктерде орналастырылған салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
4300	Басқа банктерге берілген қарыздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер

4320	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар және қаржы лизингі бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
4400	Клиенттерге қойылатын талаптар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
4450	Өзге бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
4465	Бағалы қағаздармен жасалған "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
4475	Қоса реттелетін борышқа инвестициялар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
4476	Өзге инвестициялар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
4480	Өтегенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
5020	Корреспонденттік шоттар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
5030	Қазақстан Республикасының Үкіметінен және жергілікті атқарушы органдарынан алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
5040	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
5050	Басқа банктерден алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
5060	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
5090	Сыйақы төлеуге байланысты басқа шығыстар
5110	Овернайт қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
5120	Басқа банктердің салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
5150	Филиалдармен есеп айырысулар бойынша шығыстар
5200	Клиенттердің талаптары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
5250	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
5300	Бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
5400	Қоса реттелген борыш бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар

5451	Басқа банктерге орналастырылған салымдар бойынша резервтерге (провизияларға) арналған қаражат бөлу
5452	Басқа банктерге ұсынылған қарыздар мен қаржы лизингі бойынша резервтерге (провизияларға) арналған қаражат бөлу
5455	Клиенттерге ұсынылған қарыздар мен қаржы лизингі бойынша резервтерге (провизияларға) арналған қаражат бөлу
5464	Бағалы қағаздар бойынша резервтерге (провизияларға) арналған қаражат бөлу
5466	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға ұсынылған қарыздар мен қаржы лизингі бойынша резервтерге (провизияларға) арналған қаражат бөлу
6005	Шығарылған өтелмеген аккредитивтер бойынша ықтимал талаптар (белсенді)
6010	Расталған өтелмеген аккредитивтер бойынша ықтимал талаптар (белсенді)
6055	Берілген немесе расталған кепілдіктер бойынша ықтимал талаптар (белсенді)

2. Қаржылық жағдайды айқындау үшін мынадай көрсеткіштер пайдаланылады:

1) "Иммобилизацияланған қаражат" (ИҚ) – 1850, 1306, 1309, 1327, 1328, 1409, 1421, 1423, 1424, 1427, 1600, 1650 шоттары мен 2850 шоты сомасының айырмасы ретінде айқындалады ($\text{ИҚ} = 1850 + 1306 + 1309 + 1327 + 1328 + 1409 + 1421 + 1423 + 1424 + 1427 + 1600 + 1650 - 2850$);

2) "Меншікті капитал-брутто" (МКБ) – "Меншікті капитал" және "Иммобилизацияланған қаражат" көрсеткіштерінің айырмасы ретінде айқындалады;

3) "Кіріс активтері" (КА) – 1000, 1050, 1100, 1200, 1250, 1300, 1400, 1450, 1470 шоттарының сомасы ретінде айқындалады ($\text{КА} = 1000 + 1050 + 1100 + 1200 + 1250 + 1300 + 1400 + 1450 + 1470$);

4) "Кредиттер брутто" (КБ) – 1300, 1319, 1320, 1329, 1400, 1428, 6005, 6010, 6055 шоттарының сомасы ретінде айқындалады ($\text{КБ} = 1300 + 1319 + 1320 + 1329 + 1400 + 1428 + 6005 + 6010 + 6055$);

5) "Мерзімі өткен кредиттер" (МӨК) – 1306, 1309, 1327, 1328, 1409, 1421, 1423, 1424, 1427 шоттарының сомасы ретінде айқындалады ($\text{МӨК} = 1306 + 1309 + 1327 + 1328 + 1409 + 1421 + 1423 + 1424 + 1427$);

6) "Таза пайыздық кіріс" – "резервтерге арналған шығыстар" (ТПК-РШ) – 4050, 4100, 4200, 4250, 4300, 4320, 4400, 4450, 4465, 4475, 4476, 4480 шоттарының сомасы мен 5020, 5030, 5040, 5050, 5060, 5090, 5110, 5120, 5150, 5200, 5250, 5300, 5400, 5451, 5452, 5455, 5464, 5466 шоттары сомасының

айырмасы ретінде айқындалады ((ТПК-РШ) = (4050 + 4100 + 4200 + 4250 + 4300 + 4320 + 4400 + 4450 + 4465 + 4475 + 4476 + 4480) - (5020 + 5030 + 5040 + 5050 + 5060 + 5090 + 5110 + 5120 + 5150 + 5200 + 5250 + 5300 + 5400 + 5451 + 5452 + 5455 + 5464 + 5466));

7) "Пайыздық кіріс алып келетін активтер" (ПКА) – 1050, 1100, 1200, 1250, 1300, 1320, 1400, 1450, 1458, 1475, 1476, 1480, 1880 шоттарының сомасы ретінде айқындалады (ПКА = 1050 + 1100 + 1200 + 1250 + 1300 + 1320 + 1400 + 1450 + 1458 + 1475 + 1476 + 1480 + 1880);

8) "Таза пайда" + "Резервтер" + "Резервтік қор" (ТРР) – 3599, 1319, 1329, 1428, 3200, 3510, 3580 шоттарының сомасы ретінде айқындалады (ТРР = 3599 + 1319 + 1329 + 1428 + 3200 + 3510 + 3580);

9) "Пайыздық кірістер" (ПК) – 4050, 4100, 4200, 4250, 4300, 4320, 4400, 4450, 4465, 4475, 4476, 4480 шоттарының сомасы ретінде айқындалады (ПК = 4050 + 4100 + 4200 + 4250 + 4300 + 4320 + 4400 + 4450 + 4465 + 4475 + 4476 + 4480);

10) "Пайыздық шығыстар" (ПШ) – 5020, 5030, 5040, 5050, 5060, 5090, 5110, 5120, 5150, 5200, 5250, 5300, 5400 шоттарының сомасы ретінде айқындалады (ПШ = 5020 + 5030 + 5040 + 5050 + 5060 + 5090 + 5110 + 5120 + 5150 + 5200 + 5250 + 5300 + 5400);

11) "Пайыздық міндеттемелер" (ПМ) – 2010, 2020, 2030, 2040, 2050, 2110, 2120, 2200, 2255, 2300, 2400 шоттарының сомасы ретінде айқындалады (ПМ = 2010 + 2020 + 2030 + 2040 + 2050 + 2110 + 2120 + 2200 + 2255 + 2300 + 2400);

12) "Кредиттер бойынша кіріс" (КК) – 4300, 4320, 4400 шоттарының сомасы ретінде анықталады (КК = 4300 + 4320 + 4400);

13) "Кредиттер бойынша провизияларға арналған шығыстар" (КПШ) – 5452 және 5455 шоттарының сомасы ретінде айқындалады (КПШ = 5452 + 5455);

14) "Қалыптасқан провизиялар" (ҚП) – 1319, 1329, 1428 шоттарының сомасы ретінде анықталады (ҚП = 1319 + 1329 + 1428).

3. Қаржылық жағдайды анықтау үшін осы Қосымшаға 2-кестенің 1-бағанында көрсетілген әрбір көрсеткіш бойынша қорытынды балдар есептеледі. Көрсеткіштің қорытынды балы 3-бағандағы нормативтерге сәйкес болуына байланысты 4-бағаннан тиісті балл беріле отырып, 2-бағанда айқындалған тәртіпке сәйкес есептеледі.

2-кесте

Көрсеткіштің атауы	Есептеу тәртібі	Көрсеткіш нормативтері	Тиісті балл
1	2	3	4
Капитал иммобилизациясы коэффициенті	иммобилизацияланған қаражат/меншікті капитал – брутто	0-10%	0
		10-30%	5
		30%-дан астам немесе теріс мән	10
		13%-дан астам	0

Автономия коэффициенті	меншікті капитал – нетто / міндеттемелер	6%-дан 13%-ға дейін	5
		6%-дан кем	10
Маневрлеу коэффициенті	меншікті капитал – нетто / меншікті капитал – брутто	90%-дан астам	0
		70%-дан 90%-ға дейін	5
		70%-дан кем немесе егер екеуі де теріс мәнді болса	10
Капиталдың мультипликаторы	активтер/меншікті капитал	700%-дан кем	0
		700%-дан 900%-ға дейін	5
		900%-дан астам немесе теріс мәнді	10
Жиынтық активтердегі кірістік активтердің үлес салмағы	кіріс активтері/активтер	80%-дан астам	0
		80%-дан-40%-ға дейін	5
		40%-дан кем	10
Жиынтық активтердегі кассалық қаражаттардың үлес салмағы	касса/активтер	3%-дан астам	0
		1%-дан 3%-ға дейін	5
		1%-дан кем	10
Кредит – брутто (клиенттерге кредиттер, БАК, теңгерімнен тыс талаптар) мен жиынтық активтердің ара қатынасы	кредиттер – брутто (БАК және теңгерімнен тысты қоса алғанда)/активтер	100%-дан кем	0
		100%-дан 130%-ға дейін	5
		130%-дан астам	10
Кредиттік қоржындағы мерзімі өткен және шектелген берешектің үлесі	мерзімі өткен кредиттер/ кредиттер – брутто	5%-дан кем	0
		5%-дан 15%-ға дейін	5
		15%-дан астам	10
Кредит тәуекелі коэффициенті	кредиттер – брутто - қалыптасқан провизиялар /кредиттер – брутто	85%-дан астам	0
		60%-дан 85%-ға дейін	5
		60%-дан кем	10
Тәуекелге түзетілген таза пайыздық маржа	таза пайыздық кіріс – резервтерге арналған шығыстар/пайыздық кіріс әкелетін активтер	2%-дан астам	0
		0,5%-дан 2%-ға дейін	5
		0,5%-дан кем	10
Тәуекелден қорғалу коэффициенті	таза пайда + резервтер + резервтік қор/кіріс активтері	20%-дан артық	0
		11%-дан 20%-ға дейін	5
		11%-дан кем	10
ROA активтеріне қайтару	таза пайда/активтер	3%-дан астам	0
		1%-дан 3%-ға дейін	5
		1%-дан кем	10
ROA меншікті капиталына қайтару	таза пайда/меншікті капитал	18%-дан астам	0
		6%-дан 18%-ға дейін	5
		6%-дан кем немесе егер екеуі де теріс мәнді болса	10
Таза пайыздық маржа	таза пайыздық кіріс/ пайыздық кіріс алып келетін активтер	6%-дан астам	0
		3%-дан 6%-ға дейін	5
		3%-дан кем	10

Пайыздық спрэд	(пайыздық кірістер/пайыздық кіріс әкелетін активтер) – (пайыздық шығыстар/пайыздық міндеттемелер)	6%-дан астам	0
		4%-дан 6%-ға дейін	5
		4%-дан кем	10
Кредиттер бойынша провизияларға арналған шығыстарға кететін кредиттер бойынша кірістің үлесі	кредиттер бойынша провизияларға/кредиттер бойынша кіріске арналған шығыстар	35%-дан кем	0
		35%-дан 55%-ға дейін	5
		55%-дан астам	10
Левередж	міндеттемелер/меншікті капитал – нетто	600%-дан кем	0
		600%-дан 810%-ға дейін	5
		810%-дан астам	10
Депозиттердің кредиттерге арақатынасы	Депозиттер/Кредиттер	80%-дан астам	0
		60%-дан 80%-ға дейін	5
		60%-дан кем	10

4. Қаржылық жағдайды айқындау үшін барлық көрсеткіштер бойынша жиынтық балдар жинақталады және алынған нәтиже осы Қосымшаға 3-кестеге сәйкес қаржылық жағдайдың жіктелуін айқындайды. Егер жиынтық балл сомасы 75 балдан кем болса – контрагент-банктің жағдайы "Тұрақты", 76-дан 130 балға дейін – жағдайы "Қанағаттанарлық", 131-ден 154 балға дейін – жағдайы "Тұрақты емес", 154-тен астам балл – жағдайы "өте қиын" ретінде жіктеледі.

3-кесте

Жағдайы	Қорытынды балл
Тұрақты	<75
Қанағаттанарлық	76-130
Тұрақты емес	131-154
Өте қиын	>=155

5. Егер контрагент-банктің рейтингі Қазақстан Республикасының егемен рейтингісіне тең немесе одан жоғары болған жағдайда, онда жағдай "Тұрақты" деп саналады.

2. Корпоративтік контрагенттердің қаржылық жағдайын жіктеу өлшемшарттары

6. Корпоративтік контрагенттердің қаржылық жағдайы төмендегі кестеге сәйкес есептеледі. 1-бағанда көрсетілген әрбір көрсеткіш 2-бағаннан шығатын есеп айырысу тәртібіне сәйкес есептеледі және одан әрі оған 3-бағанға сәйкес тиісті балл беріледі:

4-кесте

Көрсеткіш атауы	Есеп айырысу тәртібі	Нормативтері	Тиісті балл	Салмақтылық коэффициенті	Қорытынды балл
1	2	3	4	5	6
	Ағымдағы активтер/	>=80%	0		
		50-80%	5		

1. Ағымдағы өтімділік коэффициенті	Ағымдағы міндеттемелер	<50%	10	2	
2. Мерзімді өтімділік коэффициенті	Өтімді активтер/ Ағымдағы міндеттемелер	>=65%	0	2	
		20-65%	5		
		<20%	10		
3. Қаржылық тетік	Қарыз қаражаты / Меншікті капитал	<=67%	0	4	
		67-233%	5		
		>233%	10		
4. Автономия коэффициенті	Қарыз қаражаты / Активтер	<=40%	0	4	
		40-70%	5		
		>70%	10		
5. Сатудың рентабельділігі, %	Таза пайда/ Түсім	>=14%	0	3	
		7-14%	5		
		<7%	10		
6. Меншікті капиталдың рентабельділігі (ROE), %	Таза пайда / Меншікті капитал	>=12%	0	3	
		5-12%	5		
		<5%	10		
7. Бір жыл ішіндегі активтердің серпіні	(Жыл соңындағы активтер (кезең)/ жыл басындағы активтер (кезең)) – 100%	>15%	0	2	
		5-15%	5		
		<5%	10		
8. Бір жыл ішіндегі таза пайда серпіні	(Ағымдағы жыл ішіндегі таза пайда (кезең)/ өткен жыл ішіндегі таза пайда (кезең)) – 100%	>=10%	0	2	
		0-10%	5		
		<0%	10		
9. Бір жыл ішінде операциялық қызметтен түскен ақша түсімдерінің сомасы (кезең)*/ өткен жылғы операциялық қызметтен түскен ақша түсімдерінің сомасы (кезең)* – 100%	(Ағымдағы жыл ішінде операциялық қызметтен түскен ақша түсімдерінің сомасы (кезең)*/ өткен жылғы операциялық қызметтен түскен ақша түсімдерінің сомасы (кезең)* – 100%	>=10%	0	3	
		0-10%	5		
		<0%	10		

7. Көрсеткіштердің әрқайсысы бойынша алынған қорытынды балдар (6-баған) жинақтап қосылады және алынған нәтиже осы қосымшаның 5-кестесіне сәйкес

қаржылық жағдайдың жіктелуін айқындайды. Егер балдардың сомасы 130 балдан кем болса, контрагент-банктің жағдайы "Тұрақты", 135-тен 175 балға дейін – жағдайы "Қанағаттанарлық", 180-нен 200 балға дейін – жағдайы "Тұрақты емес", 205-тен астам балл болса – жағдайы "Өте қиын" болып жіктеледі.

5-кесте

Жағдайы	Қорытынды балл
Тұрақты	<130
Қанағаттанарлық	135-175
Тұрақты емес	180-200
Өте қиын	205-250

Провизиялар (резервтер) құру
қағидаларына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалған және Қазақстан Республикасының экономикасын оның басым салаларында жаңғырту мен әртараптандыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жобаларды іске асыратын заңды тұлғаларға берілген инвестициялық қарыздарды (кредиттерді) қоспағанда, инвестициялық қарыздарды (кредиттерді) жіктеу өлшемшарттары

1-кесте

Р/с №	Өлшемшарттар	Жіктеу санаты			Балдар
1.	Қаржылық жай-күйі				
1)		тұрақты			0
2)		қанағаттанарлық			+1
3)		тұрақсыз			+2
4)		өте қиын			+4
2.	Кешіктірілген өтеу мерзімінің болуы				
		қарыз (кредит) бойынша	салымдар (депозиттер), бағалы қағаздар және шартты міндеттемелер бойынша	дебиторлық берешек бойынша	
1)		жіктелетін актив бойынша кешіктірілген төлемдердің болмауы			-1
2)		7-30 күн	7 күнге дейін	14 күнге дейін	+1.5
3)		31-60 күн	7 күннен 15 күнге дейін	14 күннен 30 күнге дейін	+2.5
4)		61-90 күн	15 күннен 30 күнге дейін	30 күннен 60 күнге дейін	+3.5
5)		90 күннен астам	30 күннен астам	60 күннен астам	+4.5
3.	Қамтамасыз ету сапасы				
1)		сенімді			-3
2)		жақсы			-2

3)		қанағаттанарлық	0
4)		қанағаттанарлықсыз	+1
5)		қамтамасыз етілмейді	+2
4.	Қарыз алушыда (борышкерде) рейтингінің болуы		
1)		"А" және жоғары	-3
2)		Қазақстан Республикасының рейтингісінен жоғары - "А"-ға дейін	-2
3)		Қазақстан Республикасының рейтингісі деңгейінде	-1
4)		Қазақстан Республикасының рейтингісінен төмен және рейтингсіз	0

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалған және Қазақстан Республикасының экономикасын оның басым салаларында жаңғырту мен әртараптандыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жобаларды іске асыратын заңды тұлғаларға берілген инвестициялық қарыздарды (кредиттерді) жіктеу өлшемшарттары

2-кесте

Р/с №	Өлшемшарттар		Балдар
1.	Кешіктірілген өтеу мерзімінің болуы		
1)		жіктелетін актив бойынша кешіктірілген төлемдердің болмауы	-1
2)		30-60 күн	+1.5
3)		61-90 күн	+2.5
4)		91-120 күн	+3.5
5)		120 күннен астам	+4.5

Тиісті жіктеу санаттары үшін провизиялардың (резервтердің) қажетті көлемінің пайыздық мәндерінің шкаласы

3-кесте

Активтің (шартты міндеттеменің, біртекті қарыздар (кредиттер) қоржынының) жіктелу санатын айқындауға арналған балл саны *	Активтің (шартты міндеттеменің, біртекті қарыздар (кредиттер) қоржынының) жіктелу санаты	Активтер (шартты міндеттемелер, біртекті қарыздар (кредиттер) қоржыны) бойынша провизиялардың (негізгі борыш сомасының %) мөлшері
1-ге дейін (қоса алғанда)	Стандартты	
	Күмәнді:	
1-ден 2-ге дейін (қоса алғанда)	1-санат	5% – төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде
	2-санат	10% – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде
2-ден 3-ке дейін (қоса алғанда)	3-санат	20% – төлемдерді уақтылы немесе толық төлеген кезде

Есепті күнге кредиттік рейтингі	Кредит тәуекелін ұлғайту (иә/жоқ)	Кредиттік күнсыздану (иә/жоқ)	Саты (1,2,3, ROCI)	Бағалау резервтерінің сомасы/ күнсызданудан болған залал	ЖБҚ % + шартты міндеттеме	Алдыңғы есепті күнге бағалау резервтерінің сомасы/ күнсызданудан залал	ЖБҚ % + алдыңғы есепті күнге шартты міндеттеме
15	16	17	18	19	20	21	22
1-қоржынға жатқызылған активтер							
2-қоржынға жатқызылған активтер							
3-қоржынға жатқызылған активтер							
РОCI-активтер							